

## Күршім ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 203 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 4039 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 11.04.2016 № 134 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Күршім ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сай бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім*

ауданының әкімі

А.Сентов

Күршім ауданы әкімдігінің  
26 маусым 2015 жылғы  
№ 203 қаулысына 1 - қосымша

## **Күршім ауданы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**

| № | Тура бағыт              | Кері бағыт  |
|---|-------------------------|---|
|   | Мальковое мәлтек ауданы | Күршім ауылы "№ 3 Күршім гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің а л д ы н д ағ ы а л а н ;     |
|   | Юбилейное мәлтек ауданы | Күршім ауылы "№ 4 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің а л д ы н д ағ ы а л а н ; |
| 1 |                         | Күршім ауылы "№ 3 Күршім гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің а л д ы н д ағ ы а л а н ;     |

|   |  |   |
|---|--|---|
|   |  | Күршім ауылы "№ 4 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;  |
| 2 | Егіндібұлак ауылы<br>Жылтау ауылы<br>Теріскей Бекенбай ауылы<br>Күнгей Бекенбай ауылы        | Қалғұты ауылы, "Қаратогай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалғұты ауылы, "Қаратогай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалғұты ауылы, "Қаратогай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалғұты ауылы, "Қаратогай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;   |
| 3 | Мойылды ауылы<br>Тентек ауылы<br>Былғары Табыты ауылы<br>Қарашибілік ауылы<br>Ақжайлау ауылы | Теректі ауылы, "№2 Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Теректі ауылы, "№2 Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Теректі ауылы, "№2 Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Теректі ауылы, "№2 Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Теректі ауылы, "№2 Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;    |
| 4 | Урунхай ауылы<br>Бұғымүйіз ауылы<br>Балықтыбұлак ауылы<br>Шанағаты ауылы                     | Төсқайың ауылы, "Төсқайың орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Ақжайлау ауылы, "Ақжайлау негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Төсқайың ауылы, "Төсқайың орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Төсқайың ауылы, "Төсқайың орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Төсқайың ауылы, "Төсқайың орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан; |
| 5 | Барак Батыр ауылы<br>Бірлік ауылы  | Күршім ауылы, "№ 1 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Күршім ауылы, "№ 4 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Күршім ауылы, "№ 1 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Күршім ауылы, "№ 4 Күршім орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;   |
| 6 | Тақыр ауылы<br>Жаңаауыл ауылы<br>Игілік ауылы<br>Шенгелді ауылы                              | Қалжыр ауылы, "Қалжыр орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалжыр ауылы, "Қалжыр орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалжыр ауылы, "Қалжыр орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Қалжыр ауылы, "Қалжыр орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;   |
| 7 | Бесжылдық ауылы<br>Бірлік ауылы  | Сарыөлең ауылы, "Сарыөлең орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Сарыөлең ауылы, "Сарыөлең орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан;   |
|   | Жиделі ауылы<br>Оң жақ Қалжыр  | Боран ауылы "Қ. Нұргалиев атындағы гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алан ;<br>Боран ауылы "Қ. Нұргалиев атындағы гимназия" коммуналдық мемлекеттік   |

Күршім ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "26" маусым  
№ 203 қаулысына 2 – қосымша

## **Күршім ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі**

### **1. Балаларды тасымалдау тәртібі**

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.
2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру үйімі болып табылады.
3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен бала-лардың тасымалдауын үйімдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және бала-лардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.
4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.
5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде ( қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендете жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.
6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.
7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.
8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.
9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол

берілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүрге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жок болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

11. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдастырылған тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардын:
  - 1) салонда тұруына және жүруіне;
  - 2) есіктер мен терезелерге жантауына;
  - 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
  - 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;
  - 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
  - 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
  - 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушінің көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
  - 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
  - 9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қымыл ойындарын ойнауга жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың тұсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауды бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан тұскенде тұтқадан ұстауды тиіс. Тепе-тендікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Тұсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қымыл ойындар ойнауды жол бермейді.

19. Тұсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;
- 2) үйымдастырылған түрде оларды тұсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

## **2. Қорытынды ережелер**

20. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.